

# Қоршаған орта жағдайын бақылау және ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ



# *Мониторинг деген не?*

Мониторинг – белгілі бір құбылысты бақылау, жағдайын үнемі тіркеп тұру.

Экологиялық мониторинг – қоршаған табиғи орта жағдайын, оның ластануын және табиғи құбылыстарды ұзақ уақыт бойы бақылау, сондай-ақ табиғи орта жағдайына баға беру, болжау.



# Мониторингтің түрлері

Антропогендік әсерлерге көп ұшырайтын объектілерді – орман, су, тауларды бақылау үшін жүргізіледі.

Территория бойынша

Жалпы биосфера туралы немесе биосфераның жекелеген процестері туралы мәліметтер алу үшін жүргізіледі.

Локальді мониторинг

Аймақтық мониторинг

Ғаламдық мониторинг

Көршілес аудандардан табиғат жағдайлары бойынша айырмашылықтары бар аудандарға процестер мен құбылыстарды бақылау үшін жүргізіледі.

# Мониторингтің түрлері

Қолданылатын  
әдістері  
бойынша

Жер үсті  
мониторингісі

Авиациялық  
мониторинг

Космостық  
мониторинг

*Авиациялық мониторинг* аймақтық және жергілікті құбылыстарға бағытталған. Мысалы, ол ормандарды есептеу, өртке, өндірістік ластануға, зиянкестерге ұшыраған аудандарды анықтау мақсаттарына кеңінен қолданылады.

*Космостық мониторинг* биосферадағы басқа әдістермен анықталмайтын жеке өзгерістер туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.



# Мониторингтің түрлері

Зерттеу  
әдістері  
бойынша

Химиялық  
мониторинг

Биологиялық  
мониторинг

Физикалық  
мониторинг

- **Химиялық мониторинг** – атмосфераның, жауын-шашынның, жер беті мен жер асты суларының, мұхит пен теңіз суларының, топырақтың құрамындағы химиялық заттарды бақылайтын және химиялық ластаушы заттардың таралуын тексеретін жүйе.
- **Физикалық мониторинг** – қоршаған ортаға физикалық процестер мен құбылыстардың (су тасқыны, жанартау атылуы, жердің сілкінуі, құрғақшылық, топырақ эрозиясы және т.с.с) тигізетін әсерін бақылау жүйесі.
- **Биологиялық мониторинг** – биоиндикаторлар көмегімен жүргізілетін мониторинг, (яғни қоршаған ортаның өзгеруін, ағзалардың күйі мен жүріс-тұрысына қарап бақылап, болжам жасайды).

# Стандарт

- Стандарт – міндетті түрде орындалуға тиісті нормаларды, ережелерді, талаптарды тағайындайтын нормативті-техникалық документ.
- Табиғатты қорғау саласының басты стандарты – ГОСТ 17.0.0.01-76.





# ГОСТ 17.0.0.01-76 топтары



«Берілген объектінің (өндірістің) қоршаған ортаға әсерін бағалайтын құжат экологиялық паспорт деп аталады.

Паспорт күшінің сақталу мерзімі 5 жыл. Күші жойылғаннан кейін жыл сайын жергілікті қоршаған ортаны қорғау органдары ұзартып отырады (егер де ШРШ, ШРТ, қалдықтар мөлшері шектелген рұқсат етілген мөлшерден аспайтын болса).

*Кәсіпорынның экологиялық паспортында көрсетілетін мәліметтер:*

- кәсіпорында қолданылатын технологиялар;
- пайдаланылатын ресурстардың сандық және сапалық сипаттамалары;
- шығарылатын өнімнің сандық сипаттамасы;
- қоршаған ортаға шығарылатын ластаушы заттардың сандық және сапалық сипаттамалары;
- кәсіпорында қолданылатын технологияларды шетелдік және отандық озық технологиялармен салыстырудың нәтижелері.




# Экологиялық экспертиза

- Экологиялық экспертиза – кез келген техникалық жоба, кез келген шаралар экономикалық жағдайларға - өнімділікке, өнімнің құнының төмендеуіне байланысты қабылданады.



Экологиялық экспертизаның мақсаты – шаруашылық іс-әрекеттердің табиғи ортаға тигізетін негативті әсерін болдырмау, жоспарланып отырған өндірістің экологиялық қауіпсіздігін тексеру, табиғат ресурстарының тиімді пайдалануын бақылау, қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың денсаулығын және өмірін қорғау.





**Мемлекеттік экологиялық экспертиза** шаруашылық құрылыстарына және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы қоршаған ортаны қорғау шараларының, жоспарларының, жобаларының экологиялық талаптарға сәйкестіктігін тексеруге бағытталған мемлекеттік табиғатты қорғау шараларының жүйесі.

**Ведомствалық экологиялық экспертиза** ведомство басшылығының бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Оның шешімдерінің тек сәйкес ведомстволық құрылымының ішінде ғана күші бар.

**Ғылыми экологиялық экспертиза** ғылыми мекемелердің, жекелеген ғалымдардың инициативасы бойынша жүргізіледі.

**Қоғамдық экологиялық экспертиза** қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік емес органдардың инициативасы бойынша жүргізіледі.



# Экологиялық экспертиза

- **Принциптері:**
  - 1. Біріншіден, экологиялық экспертиза императивті болу керек, яғни экологиялық экспертизаның нәтижесінсіз жобаны жүзеге асыруға рұқсат берілмейді. Берілген жобаның қоршаған ортаға зиянсыздығы дәлелдену керек.
  - 2. Екіншіден, приоритет медико-биологиялық қауіпсіздікке берілуі керек, яғни адамдардың денсаулығына, өміріне қауіпсіз болуы керек.
- **Объектілері:**
  - Шаруашылық құрылыстар жобалары, сондай-ақ істеп тұрған комплекстер, жаңа техника, технология, материалдар және заттар.

